

Жабық радионуклидті гамма-сәулелі көзін Қазақстан Республикасына әкелу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 24 қыркүйек N 452

1. "Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 Р960298_ қаулысына сәйкес Қарағанды онкологиялық орталығына Москва қаласындағы "Изотоп" Бүкіллаймақтық бірлестігімен 1995 жылғы 25 қазанда жасалған N 08625142/02/32-95/96 шартқа сәйкес активтілігі 8650 Ки (СЭҚ коды 2844 40.000) ГИК-9-4 типті (1 дана) Кобальт - 60 жабық радионуклидті гамма-сәулелі көзін Қазақстан Республикасына әкелуге рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен әкелуге лицензия берсін.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым Академиясының жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттікке жүктелсін.

Премьер-Министр